

**Білім берудегі  
МЕНЕДЖМЕНТ**

**1/2011**

в образовании



**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР –  
САПАЛЫ БІЛІМ БАСТАУЫ**

**Г.Д. Досымбаева**

*Атырау қаласы, № 34 лингвистикалық  
мектеп-гимназиясының бастауыш сыйнып мұғалімі*

Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты қазіргі уақыттағы оқыту процесін технологияландырудың қажеттілігінен туындал отыр. Соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп практикасына енгізілуде: академик В.М.Монаховтың оку технологиясы, Дьяченоның жұмыстарында айтылатын оқытудың ұжымдық тәсілі, профессор Ж.Қараевтың жұмыстарында еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүрген оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау, білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру принциптеріне негізделген жаңа педагогикалық технология.

Педагогикалық технологияны В.М.Монахов былайша анықтама береді: «Оку үрдісін жобалаудың жүйелік әдісі, оқытудың тиімді түрлеріне жету мақсатында, адам мен технологиялық ресурстарды, олардың ара қатынасын ескере отырып бүкіл оку мен білімді менгеру үрдісін жүргізу, оны бағалау».

Педагогикалық технология - тәжірибеде жүзеге асырылатын, белгілі бір педагогикалық жүйе. Жалпы педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылатындықтан, бұл жерде инновациялық технология әдістемелік жүйенің қалған бөліктерінің езгерулерін талап етеді. Оны орындау үшін мындағы үш ұсыныс қажет.

1. Жаңаша езгерген мақсат - окушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекетінің әдістерін менгерулерін талап етеді.

2. Жаңаша оқытудың негізгісіне оқытудың дербес және топтық түрлерін жатқызамыз. Оқытудың бұл түріндегі ең бастысы окушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сеніп, өз беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту.

3. Инновациялық технологияның жаңа мақсаты бойынша оқытудың ізгілендіру қажет. Ол - оқыту құралдарына деген көзқарасты да езгертуді талап етеді. Педагогикалық технологияның құруға қажетті тұжырымдама С.Л.Рубинштейнің еңбектерінде зерделенген «Ойлау барысындағы ойлау».

Бүгінгі таңда П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оку технологиясы, Ш.А.Аманашвилидің ізгілікті тұлғалық технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оку материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.Хошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, В.П.Беспальконың жөне басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары көнінен таныма.

Ю.Г.Фокиннің пікірінше: «Педагогикалық технология, бәрінен бұрын, іс-әрекеттің жоғарғы нәтижелігі. Қесіптілік жоғары көрсеткіш: жүйелілік, бірізділік, ғылымилық принциптерімен қатар, сенімділік».

Педагогикалық технология педагогикалық шеберлікпен өзара қарым-қатынаста. Педагогикалық технологияны ете жақсы менгеру оқытуышыдан үлкен шеберлікі талап етеді. Технология және шеберлік қатынастарына қарағанда менгеруге болатын педагогикалық технология басқалар сияқты тек қана орталықтанбайды. Педагогикалық технологиялардың көкейкестілігін анықтауда мынадай қайшылықтарды атауға болады:

## **БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ** **ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ**

- қоғамның педагог мамандарға қойып отырған талабының күшеюі мен касіби білім беруді жүзеге асыруда кездесетін қыншылықтар арасындағы;
- қайта дамып отырған жекелеген педагогикалық жүйелер мен оларды жылдам өзгеріп отырған еңбек шараларына бейімдеу, білім беру жүйесінің консервативтілігі арасындағы;
- ғылымның даму деңгейі мен өндірістің оны іске асыруға мүмкіндік деңгейі арасындағы; мұғалімнің әлеуметтік ролі және қоғамдық ақпараттық-коммуникациялық қызмет арасындағы;
- педагогикалық жоғары оқу орындары оқу бағдарламаларының мазмұнының адістемелік құралдары және қоғам мәдениеті арасындағы болатын қайшылықтар.

Білім ізгілігі – педагогтар мен оқушылардың өз шығармашылық даралығын дамыту субъектісі болатын, педагогикалық процестің мәні мен сипатына деген кезқарасты едөүір өзгереттін, педагогикалық ойлаудың басты бөлшегі. Педагогикалық процестің негізгі мәні, мұндай жағдайда, тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуы ретінде қалыптасады, олардың сапасы мен мазмұны мұғалімдердің, оқу мекемелері мен бүкіл білім жүйесі жұмысында маңызды шарттардың бірі болып табылады.

С.В.Селевко бұл турасында: "Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгеру мұғалімнің интеллектуалдық, көсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына иғі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-төрбие процесін тиімді үйымдастыруына көмектеседі", - деп көрсетеді.

Педагогикалық технология үш аспектіде қаралады: ғылыми; процессуалды-сипаттамалы; процессуалды-әрекеттік. Кез келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Көптеген педагогикалық технологияларда кездесетін философиялық бағыттар:

- материализм және идеализм;
- диалектика және метафизика;
- гуманизм және антигуманизм;
- антропософия және теософия;
- прагматизм және экзистенциализм.

Педагогикалық технология дерекнамасы педагогика, психология және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе, халықтық педагогика, отандық және шетел педагогикасындағы озық идеялар болып табылады. Кез келген қазіргі педагогикалық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктері дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы болады. Бір технологияның өзі әр орындаушыда әр түрлі сипатта болуы мүмкін, ейткені, шебердің тұлғалық компетенттілігі, оқушылар контингенті, сыныптағы психологиялық ахуал мен көңіл-күй әр түрлі болуы мүмкін. Бір технологияны қолданғандағы әр педагог алған нәтиже әр түрлі болғанымен, бір-бірімен ортақ технологияның сипатына сай белгілері болады.

М.В.Клариннің анықтауы бойынша: Педагогикалық технология "Педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара инструменталдық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді. Галым-академик В.М. Монахов оқыту технологияларының практикадағы қолданыс аясын теренірек зерттей келіп, оны жаңаша қырынан танытады. Галымның пікірінше: "Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудыруши оқу процесін үйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі".

## **БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРИ, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ** **ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ**

Педагогикадагы ғылыми ой-тұжырымдардың негізінде В.П. Бесспалько: "Оқу технологиясы – тәжірибеде жүзеге асырылатын, белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы", - деп көрсетеді. Мұндағы педагогикалық ықпал ететін арнағы үйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырады. Педагогикалық технология білім алу іс-әрекетіндегі амалдардың негізінде таңдалған көсіптік қызметтің тәсілдерін, қабылдаушылардың танымдық іс-әрекеті деген анықтама береді. Сонымен, технология деп белгіленген мақсатты тиімді орындау үшін материалдарды түрлендіру процестері мен әдістердің жиынтығын және бірізділігін, кешенді бірлігін айтуға болады.

Дидактикада оқу технологиялары тәмендеғідей сипаттарымен жіктеліп, топтастырылады:

- қолдану деңгейі: жалпы педагогикалық, пән әдістемелік, белімдік (модульдік);
- философиялық негізі: ғылыми және діни, гуманистік және әміршіл-әкімшіл (авторитарлы);
- тәжірибе менгерудің ғылыми негіздемесі (концепция); байланыс-жауапты (ассоциатив-рефлекторлы); іс-әрекетті (бихевиористік), іштей үғу (интериоризаторлы), дамытуши;
- тұлғалық құрылымға бағдарлануы: акпараттық (білім, ептілік және дағдылар қалыптастыру), нақты қымыл-әрекеттік (оперативті ақыл-ой әрекеттері әдістерін қалыптастыру), шығармашыл (эвристикалы-дарын қабілеттерін дамыту), қолданбалы (турмыс-тәжірибелік әрекеттер қалыптастыру).

Оқыту технологиясы оқыту мазмұны жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жету тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктең білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Оқу технологиясының топтастырылуы, сонымен бірге, нақты кезеңде басым болған мақсаттар мен міндеттерге, окуды үйымдастыру формасының қолданылуына, дәл кезеңде қажет болған жаңа әдістерге және басқа да негіздемелерге тәуелді келеді.

Оқу технологиясын оқу әдістемесінен ажыратса білген жән. Олардың бір-бірінен айырмашылығы - оқу технологиясын қайталап, қайта көбейте тартуға болады. Қандай да жағдайда оқу технологиясы өзіне сай түзілген оқу процесінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады.

Педагогикалық технология - кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрылымында адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыруды қамтиды. Бағалау және білім менгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқарады.

Педагогикалық технологиялар көп болуына қарамастан, олардың іске асырылуының екі жолы бар. Бірінші - теориялық негізде орындалуы, екіншісі - тәжірибемен жүзеге асырылуы болып табылады.

Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық процесс белгілі жүйе принциптерінен құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып белінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау олардың обьективті қарым-қатынасында және педагогтің тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Міне, осындағы педагогикалық технологияның оқыту әдістемесі және тәрбиелеу жұмысынан айырмашылығы байқалады. Егер «әдістеме» үгімі оларды орындаға қатысты емес оқытудың әдістері және тәсілінің жиынтығын қолдану көпкейіпкерлік белгілерінде жинақтауын анықтайды. Осыдан келіп, яғни кез-келген педагогикалық

## **БІЛІМ БЕРУДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ** **ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ**

тапсырма тек қана белгілі жетілдірілген педагог маманының іс-әркеті мен негізгі технологиялардың көмегімен тиімді шешіледі.

Педагогикалық технология мектептегі білім беру жүйесінің алдына келелі міндеттер қойып, оларды шешу үшін оқытудың мазмұны мен құралдарына әдістемдеріне, үйымдастыру түрлеріне өзгерістерді енгізуі талап етеді.

Оқытудың мазмұнына енетін өзгерістер:

- оқыту пәндерін кіріктіру;
- білім мазмұнын модельдеу;
- білімді ізгілендіру;
- білімнің өмірдегі қолданыс табуы.

Оқыту құралында жаңа типті сабактарды үйымдастыру әдістемесі жасалған. Жаңа сабак – мақсаты, мазмұны, құралы және оқушылардың танымдық жұмыстарын тиімді үйымдастырудагы тәсілдерімен ерекшеленеді. Үйымдастыру жағынан мұндай сабактар оқушылардың теориядан алған білімдерін практикада қолдануына басты назар аударылады.

Білімді игеруде дидактикадағы дәріс беруді нақтылаудың бірі - білімді игеру деңгейлерінің жіктелу негізі ретінде, үлгі бойынша өздік жұмыстарын үйымдастыру кезінде оқушылардың теориядан алған білімдерін қолдану үш сатыда жүзеге асырылады:

- жаңа білімді игеру және оны пайдалану;
- игерген білімді өндіріп, таныс емес жағдайда пайдалану;
- жаңа білімді шығармашылықпен қолдану.

Елбасымыз «елдің келешегі бүгінгі жас үрпақтың қолында, жас үрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп атап көрсетті. Ал оны орындау бәріміздің қасиетті борышымыз. Егemen елдің болашағы оның әлемдік еркениеттегі ез орны ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы болатын - ұстаз қолында. Дарынды шәкірт дарынды ұстаздан шығады дегендегі, оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау, ез бетінше білімді менгерту, өмірге қезқарасын қалыптастыру және интеллектуалдық іс-әрекетке өзірлеу. Білімді үрпақ болашақтың кепілі демекші, білімі жоғары дамыған елдерға халқының тәуелсіздігін сақтап қала алмақ.

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін қорыта келіп біз педагогикалық технологияны мақсат-мұддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған таланттарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұн, форма, әдіс-амалдарының, дидактикалық таланттарының психологиялық-педагогикалық нұсқаларының жиыны деген тұжырымға тоқталамыз.

Оқыту технологиясы оку үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терен ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас белгі.

Педагогикалық технология оку үрдісімен, мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрылымына мыналар кіреді:

- а) тұжырымдық негізі.
- ә) оқытудың мазмұндық белімі.
- оқытудың нақты және жалпы мақсаты;
- оқу материалының мазмұны;
- б) үрдістік белім-технологиялық процесс;
- оқу үрдісін үйымдастыру;
- оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен формалары;

## **БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ** **ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ**

- мұғалім жұмысының әдістері мен формалары;
- мұғалімнің материалды менгеруді басқарудагы іс-әрекеті;
- оку үрдісінің диагностикасы.

Оқыту процестерінде жаңа әдістерді пайдаланып, оқушылардың білімі мен қабілеттің арттыру мұғалімдер алдында тұрған аса жауапты міндеттердің бірі.

Заман талабы – оку үрдісін қарқынды әдіспен үйымдастыру. Бұл орайда пән мұғалімдері сабакты өткізудің әдіс – тәсілін жаңартып, көрнекілікпен, технологиялық құрылышы ерекше, қосымша материалдармен байытып отыруы керек.

Педагогикалық технологияларды қолдануда жаңа оқыту қуралдарымен, қазіргі ақпараттармен, сапалы мамандар даярлаумен, жоғары-техникалық базамен байланыстырылғандаған жоғары нәтижеге жетуге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аманашвили Ш.А. Личностно-гуманская основа педагогического процесса, М.: «Университетское», 1990, С.54.
2. Мұхамбетова С.Қ. Педагогика және педагогикалық технологиилар. – Ақтөбе, 2001. – 118 б.
3. Омарова Р.С. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру технологиясы. –Ақтөбе, 2007. –183 б.
4. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиилар мен оқыту қуралдары. – Алматы, 2007. – 144 б.
5. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. - М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
6. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. Учебное пособие. – Алматы, АГУ им. Абая, 2002. -90 с.
7. Якиманская И.С. Технология личностно-ориентированного образования. – Москва: Сентябрь, 2000.

### **Резюме**

На современном этапе образования мы должны развивать в детях компетентности, личностные качества, умение заниматься исследовательской деятельностью. Затем эти компетенции постепенно формируются в жизненные навыки, а это уже способность адаптироваться к изменяющимся условиям для грамотного реагирования на жизненную ситуацию.

В данной статье рассматривается технологический аспект формирования жизненных навыков. Автор описывает педагогические технологии, способствующих развитию творческих способностей подрастающего поколения.

## **«КАЧЕСТВО» ОБРАЗОВАНИЯ КАК НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ КАТЕГОРИЯ**

**А.С. Сатыбалдиева**  
докторант PhD кафедры общей и  
этнической педагогики  
КазНУ им. аль-Фараби

Проблема качества на протяжении многих веков занимает умы прогрессивного человечества: философов и экономистов, конструкторов и инженеров, социологов и политологов, педагогов и психологов, биологов и экологов. В настоящее время качество выступает главным фактором социального устройства, деятельности людей, а также имеет фундаментальное значение для понимания сущности